

«Сейфуллин окулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II - Б. 61-64

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ МАҚТААРАЛ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА МАҚТА ЕГІСТІГІНДЕГІ ЗИЯНКЕСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Шәймерден А.

Мақта – құлқайырлар тұқымдасына жатады. Бұл көпжылдық тропикалық бұта, бірақ біздің елде бір жылдық өсімдік ретінде өседі. Ересек өсімдік - биіктігі 90см-ден бастап 130 - 180 см және одан көп . Мақта - бағалы талшықты дақыл, ол халық шаруашылығының әр саласында түрлі мақсатта пайдаланылады. Қазақстандағы жалғыз талшықты дақыл – мақта [1].

Мақта талшықты өсімдіктер тобына жатады. Ол құлқайыр тұқымдас өсімдіктер қатарына қосылады. Талшықты өсімдіктер арасында мақтаның алатын орны ерекше зор. Ол жіп иіретін бүкіл шикізаттың 70-75 пайызын береді. Мақтаның шитті талшығы шитті мақта осы өсімдіктің беретін негізгі шикізаты болып табылады. Шитті мақтаны мақта тазартатын зауыттарда шитінен ажырататын алғашқы өңдеу кезінде мақта талшығы, линт, мақта ұлпасы, шит бүршігі бірте-бірте бөліп алынады. Шитті мақтада 30-39 пайыз талшық және 55-57 пайыз шит болады, ал шитте 22-29 пайыз мақта майы мен шит бүршігі болады. Шитті мақта – халық шаруашылығының тоқыма өнеркәсібі, май өңдеу, гидролиз, химия және басқа да салалары үшін қажетті шикізат.

1 килограмм мақта талшығынан 5 метр ақ жаймалық материал, 12 метр шыт немесе 20 метр бәтес, тігін машина жібінің 40-тан 140-қа дейінгі орамасын алуға болады.

1 килограмм шиттен 170 грамм май, 400 грамм күнжара, 300 грамм шит қабығын, 30 грамм линт алуға болады. Ал линттен пластмасса, кино және фото пленкалары, линолеум, лак және басқа өнімдер жасалады. Шроттан таза азық-түліктік белок алынады, оны нан пісіргенде ұнға қосуға болады, малдың төлін азықтандыру үшін берілетін сүт ретінде де қолданылады. 1 тонна шит қабығы 85 метр спирт, 300 килограмм құрылыс тақталарын (лигнолит), 28 килограмм көмір қышқылын, 20 килограмм сірке қышқылын және басқаларын береді. Мақта майы глицеридтерге бай. Оларды сабын қайнатуға, сондай-ақ олифа, лак, эмаль сияқты басқа да қорғаушы сырлар алуға болады.

Қозапаядан және өңделген ағаш қалдықтарынан ыстық тәсілмен сығымдау арқылы құрылыстық тақта материалдарын алуға болады. Олар құрылысқа және үй жихаздарын жасауға кеңінен пайдаланылады [2] .

Мақта әлемнің 70-ке жуық елінде өндіріледі, оның аумағы тропиктік

және субтропиктік елдермен шектелген 47° солтүстік ендік пен 35° оңтүстік ендікте таралған. Мақта-шикізатын өндіруші жетекші мемлекеттер: Қытай, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Өзбекстан, Бразилия т.б. Ең көп мақта егістік алқабы Үндістанда – 10 млн. га, ал Қытайда – 6, АҚШ-да – 5,8, Пәкістанда – 3, Өзбекстанда – 1,4 және Бразилияда – 1,3 млн. га. Әр жылдық мақта талшығы өндірісі Қытайда – 6,7 млн. т жуық, АҚШ-да – 5,4, Үндістанда – 2,7, Пәкістанда – 2,19, Өзбекстанда – 1,25 және Бразилияда – 1,24 млн. т құрайды. Бұл елдердің үлесіне әлемдегі 87% мақта талшығы өндірісі тура келеді [3].

Қазақстанда мақта-шикізатының түсімділігі нарық сұранысы мен ауа райы жағдайының өзгеруіне тәуелді. Соңғы жылдары мақта егістік алқабы 223,7 мың гектардан 134,2 мың гектарға дейін қысқартылды, жалпы мақта-шикізатын жинау 467,1 мың тоннадан 239,8 мың тоннаға төмендеп, 227,3 мың тоннаға кеміді. Ауа райы жағдайының қолайлылығы Түркістаннан Шардараға дейін мақта өсіру мүмкіншілігіне ие. Түркістан облысында мақтаны 8 ауданда өсіреді: Мақтарал, Шардара, Түркістан, Сарыағаш, Ордабасы, Отырар, Арыс және Бәйдібек. 2018 жылы Түркістан облысының мақта өсіретін аудандарында мақта шиті 137,7 мың га егістік алқабына егілді, соның ішінде Мақтарал ауданының үлесі – 95,8 мың га (70%). Әрбір мақта өсіретін аудандарда өздерінің ерекшіліктеріне, топырақ және ауа - райы жағдайына бейімделген шиті мақта өсімдігі сорттарының түрін өндіруді ұйымдастыру жағдайлары бар.

2018 жылы Мақтарал ауданы мақта қожалықтарының егіс алқаптары құрылымында шағын шаруа қожалықтарының үлесі 100,8 мың га (85,8%), акционерлік қоғамдарда – 9,9 мың га (8,4%), өндіріс кооперативтерінде – 6,8 мың га (5,8%) құрайды (8-сурет). Осы уақытта шағын шаруа қожалықтарының орташа жер телімдерінің өлшемі 4,81 га, акционерлік қоғамдарда – 408,3 га, өндіріс кооперативтерінде – 485,7 га құрайды [4].

Мақтаарал ауданы жағдайында мақта егістігінде зиянкестердің таралуын анықтау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша егістікте негізгі мақта көбелегі мен өрмекші кенесі зиянкестерінің ошақтары анықталды.

Жұмыртқа мен жұлдызқұрттарды санын есепке алу үшін әрбір егістікте 100 өсімдіктен (5 өсімдіктен 20 сынама) тексеріледі. Сынамаларды екі диагональ бойынша тегіс қашықтықта бөліп, нөмірлейді және жұмыртқа мен жұлдызқұрттарды және олардың энтомофагтардың санын есептейді [5].

Аудан бойынша 2019 жылғы мақта көбелегінің егістікке қоныстануына жүргізілген тексеру жұмыстары барысында 59,56 мың га тексерілді. Қоныстанған көлем мың га құрады. Соның ішінде 0,36 мың га мақта көбелегінің қоныстанғаны анықталды. Мақта көбелегінің 16 мамырдан бастап бірінші ұрпақтарының қарқындылығын байқадық. 23 мамырдан бастап мақта көбелегінің бірінші ұрпағы жұмыртқасын жаппай сала бастағаны байқалды. Бірінші жастағы жұлдызқұрттардың өсуі 16 маусымда басталды[6].

Кесте 1 - Мақта көбелегінің егістікке қоныстануына тексеру

Ауылдық округ	Тексерілгені	Қоныстанғаны	Төменгі саны	Орташа саны	Жоғары саны
Бірлік	5,0				
Жамбыл	4,0				
Мақтаарал	10,0	0,002	0,002		
Иіржар	7,0				
Нұрлыбаев	7,56				
Жаңа жол	7,0				
Еңбекші	6,0	0,001	0,001		
Достық	9,0				
Қалыбеков	4,0				
Барлығы	59,56	0,003	0,003		

Мақтаарал ауданы бойынша 2019 жылғы мақта көбелегінің егістікке қоныстануына жүргізілген тексеру жұмыстары барысында 58 мың га тексерілді. Қоныстанған көлемі 0,004 мың га құрады. Соның ішінде 0,004 мың га өрмекші кенесінің қоныстанғаны анықталды [6].

Кесте 2 - Өрмекші кенесінің егістікке қоныстануына тексеру

Ауылдық округ	Тексерілгені	Қоныстанғаны	10% - дейін	10,1 - 20% - дейін	20% - жоғары
Бірлік	6,0				
Жамбыл	5,0				
Мақтаарал	8,0	0,001	0,001		
Иіржар	7,0	0,001	0,001		
Нұрлыбаев	7,0	0,002	0,002		
Жаңа жол	7,0				
Еңбекші	6,0				
Достық	7,0				
Қалыбеков	5,0				
Барлығы	58,0	0,004	0,004		

Осы зиянкестермен химиялық күрес үшін, биыл Мақтаарал ауданы шаруалары КорагенTM және Проклэйм фит атты препараттар қолданған.

КорагенTM

Әсер етуші заты – хлорантранилипрол 200 г/л;

Препаративтік формасы – суспензия концентраты;

Енгізу әдістері – ішек жолы арқылы;

Адамдар үшін қауіптілік класы – 3;

Аралар үшін қауіптілік класы – 3;

Шығарушы – Дюпон Химпром.

Проклэйм фит - эмаектин бензоат және луфенурон негізінде жасалған, қабыршақ қанаттылардың жұлдызқұрттарына қарсы қолданылатын инсектицид.

Әсер етуші заты – 50г/кг эмаектин бензоат + 400г/кг луфенурон;

Химиялық класы – Авермектиндер, Бензамидтер;

Қауіптілік класы – 3;
Препаративтік формасы – суда еритін түйіршік;
Сақтау мерзімі – шығарылған күннен бастап 3 жыл.
Мақта көбелегіне қарсы химиялық препараттарды қолданғанда олардың биологиялық тиімділігін анықтау керек. [6]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.К.Әрінов, Қ.М.Мұсынов, Қ.М.Апушев, Н.А.Серікпаев, Н.А.Шестакова, С.С.Арыстанғұлов. – Өсімдік шаруашылығы. – Алматы 2011ж. – 602-603б.
2. И.Үмбетаев, О.Биғараев,. – Мақта өсіру технологиясы. – 5- бб.
3. A.S. Mendigaliyeva, Kh. K. Torybaev and S.S Arystangulov - Nocuity of the Ansilopia Austrica in seed wheat sows and measures to fight with them in conditions of Western Kazakhstan - Eco. Env. & Cons. 24(4):2018; pp. (1970-1975).
4. Қазақстандағы мақта шаруашылығын талдау - <https://baribar.kz/student/1230/qazaqstandaghy-maqta-sharuashylyghynynh/>
5. Сулейменова З.Ш., Сулейменов С.И., Абдрахманов М.А. и др. М 54 Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. - Астана, 2009. – 300 с.
6. Түркістан облысы Мақтаарал ауданы ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ –нің 2018-2019 жылдық есебі
Ғылыми жетекші, а.ш.ғ.к, доцент Арыстанғұлов С.С.